

А.С. Беймишева¹ , М.А. Азнабакиева² 

¹Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: m.aznabakiyeva@gmail.com

ҚАЗІРГІ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСІ: ТАЛДАУДАҒЫ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Көші-қон мемлекетте орын алған саяси, әлеуметтік және экономикалық, рухани, экологиялық өзгерістерге сол мемлекет халқының жаппай жауап беру әдісі болып табылады. Бұл тұрғыда, қоғамдағы өзгерістерді дәл және көрнекі түрде көрсететін басқа әлеуметтік құбылысты табу қиын болар. Көші-қон процесі даму деңгейіне қарай қабылдаушы және жіберуші елдерге әртүрлі әсер етеді, көші-қон елдің ішкі құрылымын өзгертіп, ел аймақтарының дифференциациялануына әкеледі. Сондықтан ел дамуына оң әсер етуі үшін көші-қон процесін зерттеп, реттеп, бағыттап тұру бүгінгі күн талабы. Мақаланың мақсаты қазіргі әлемде аймақтық, ұлттық, халықаралық деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі көші-қонға байланысты отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектеріндегі басым көзқарасты анықтау. Міндеті – мәселеге байланысты отандық және шетелдік авторлар еңбектерін талдау арқылы олардың көзқарастарын анықтап, топтастырып, қазіргі күнгі талдаудағы басым көзқарасты белгілеу, сонымен қатар отандық зерттеушілер пікірлерін статистикалық деректерді талдау арқылы негіздеу. Зерттеу болжамы – ғылымдағы жаңа мүмкіндіктер, импирикалық әдістерді, әсіресе статистикалық деректерді пайдалану мүмкіндігі мәселені талдауда жаңа көзқарас тудырып отыр: бүгінгі таңдағы көші-қон құбылысына байланысты көзқарастар оптимизмнен пессимизмге бет бұруда.

Талдау көрсеткендей, ХХІ ғасыр басынан көші-қон ағымдарына теріс баға беретін шектелген көші-қонды қолдайтын «көші-қон пессимистерінің» жұмыстарының саны артып келеді. Олар байырғы тұрғындар арасындағы табыстың төмендеуін, жұмыссыздықтың өсуін, әлеуметтік шығыстардың көбеюін, экономикалық өсудің баяулауын, мәдени айырмашылықтардың күшеюінен туындайтын әлеуметтік шиеленістердің өсуін, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы, терроризм қаупін және т.б. жағымсыз салдарды көші-қон процесімен байланыстырады. Сол себепті де, бүгінгі таңда көші-қон позитивті, оптимистік көзқарастан негативтік көзқарастар тудыруда. Бұл көзқарастардағы айырмашылық оптимистік тұрғыда жазылған жұмыстардың басым бөлігі мәселенің теориялық жағымен көбірек айналысып, көші-қонның донор және реципиент елдерге тигізетін экономикалық әсерлеріне негізделген болса, «пессимистік» еңбектер импирикалық мәліметтерге сүйеніп, көші-қон салдарын әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, демографиялық, денсаулық-сақтау тұрғысынан анықтауға бағытталғандығында.

Түйін сөздер: көші-қон, ішкі көші-қон, сыртқы көші-қон, шектеулі көші-қон, мигрант.

A.S. Beimisheva¹, M.A. Aznabakiyeva^{2*}

¹Narхоз university, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: m.aznabakiyeva@gmail.com

Modern migration process: new approaches in analysis

Migration can be viewed as a way of mass reaction of the population to the political, socio-economic, spiritual, and environmental changes taking place in the country. In this context, it would be difficult to find another social phenomenon that accurately and clearly reflects changes in society. The process of migration affects the countries receiving and sending migrants differently depending on the level of development, changing the structure of the country and leading to the differentiation of its regions. And in order for migration to positively influence the development of the country, it is necessary to study, regulate and direct it. The purpose of the article is to determine the main approaches of domestic and foreign researchers in the analysis of migration, which is becoming one of the most important problems at the regional, national and international levels in the modern world. The task is to identify, analyze and group the views of domestic, foreign researchers and determine the dominant point of view on the problem, as well as analyze the opinions of domestic researchers by analyzing statistical data. The hypothesis of the study is that new opportunities in science, the possibility of using empirical methods,

especially statistical data, create a new approach to the analysis of the migration process, which moves from optimism to pessimism.

The analysis shows that since the beginning of the 21st century, the number of studies of “migration pessimists”, who give a negative assessment of migration and advocate limited migration, has increased. They associate negative consequences with migration, such as a decrease in income among the indigenous population, an increase in unemployment, an increase in social spending, a slowdown in economic growth, an increase in social tension caused by increased cultural differences, a worsening sanitary and epidemiological situation, the threat of terrorism, etc. For these reasons, today migration creates more negative forecasts. The difference between these views lies in the fact that most works written in an optimistic manner are more concerned with the theoretical aspects of the problem and are based on the economic consequences of migration for donor and recipient countries, while “pessimistic” works are based on empirical data and are aimed at more accurate analysis of the socio-economic, political, cultural, demographic, environmental consequences of migration.

Key words: migration, internal migration, external migration, limited migration, migrant.

А.С. Беймишева¹, М.А. Азнабакиева^{2*}

¹Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: m.aznabakiyeva@gmail.com

Современный миграционный процесс: современные подходы к анализу

Миграция является способом массовой реакции населения на происходящие в стране политические, социально-экономические, духовные, экологические изменения. В этом контексте было бы трудно найти другое социальное явление, точно и наглядно отражающее изменения в обществе. Процесс миграции по-разному влияет на принимающие и отправляющие мигрантов страны в зависимости от уровня развития, изменяя структуру страны и приводя к дифференциации ее регионов. Чтобы миграция положительно влияла на развитие страны, необходимо изучать, регулировать и направлять ее. Цель статьи – определить основные подходы отечественных и зарубежных исследователей в анализе миграции, которая становится одной из важнейших проблем на региональном, национальном и международном уровнях в современном мире. Задача состоит в том, чтобы выявить, анализировать и сгруппировать взгляды отечественных, зарубежных исследователей и определить господствующую точку зрения по проблеме, а также проанализировать мнения отечественных исследователей путем изучения статистических данных. Гипотеза исследования заключается в том, что новые возможности в науке, возможность использования эмпирических методов, особенно статистических данных, создают новый подход к анализу процесса миграции, который от оптимизма переходит к пессимизму.

Анализ показал, что с начала XXI века увеличилось количество исследований «пессимистов миграции», дающих миграции негативную оценку и выступающих за ограниченную миграцию. Они связывают с миграцией негативные последствия, такие как снижение доходов среди коренного населения, рост безработицы, увеличение социальных расходов, замедление экономического роста, рост социальной напряженности, вызванный усилением культурных различий, ухудшение санитарно-эпидемиологической ситуации, угроза терроризма и т.д. По этим причинам сегодня миграция создает больше негативные прогнозы. Различие этих взглядов состоит в том, что большинство работ, написанных в оптимистическом ключе, больше касаются теоретических аспектов проблемы и основаны на экономических последствиях миграции для стран-доноров и стран-реципиентов, тогда как «пессимистические» работы опираются на эмпирические данные и направлены на более точный анализ социально-экономических, политических, культурных, демографических, экологических последствий миграции.

Ключевые слова: миграция, внутренняя миграция, внешняя миграция, ограниченная миграция, мигрант.

Кіріспе

Көші-қон – қоғам өмірінде болып жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық, экологиялық өзгерістерден көрініс беретін құбылыс, сол мемлекет тұрғындарының жоғарыда аталған өзгерістерге жаппай жауап беру әдістерінің

бірі. Бұл тұрғыда, қоғамдағы өзгерістерді дәл және көрнекі түрде көрсететін басқа әлеуметтік құбылысты табу қиын болар. Көші-қон әлеуметтік өзгерістердің ең күшті элементі ретінде физикалық құрылымы, діні, мәдениеті, тілі әртүрлі қауымдастықтарды біріктіріп қана қоймай, бұл қауымдастықтардың бірге

өмір сүруіне, өзара әрекеттесуіне себеп болады. Халықаралық көші-қон ұйымы қазіргі әлемде орын алып жатқан қоныс аударуларға адам құқықтарымен, дамумен және геосаясатпен тікелей байланысты ұлттық, аймақтық, халықаралық деңгейдегі маңызды саяси мәселе деп баға береді (World migration report, 2020). Сондықтан көші-қон процесі жан-жақты зерттеуді талап ететін бүгінгі күннің талабы болып отырғаны сөзсіз. Мақаланың алға қойған мақсаты қазіргі уақыттағы көші-қон мәселесіне байланысты басым көзқарасты анықтау. Авторлар мақаланы жазу барысында отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектерін ғылыми талдаудан өткізу, қазіргі күнгі аталған мәселеге байланысты талдаудағы басым көзқарасты анықтау, сонымен қатар Қазақстан жағдайындағы көші-қон мәселесіне байланысты көзқарасты статистикалық деректер негізінде дәйектеу міндеттерін қойған.

Көші-қон процесі даму деңгейіне қарай қабылдаушы және жіберуші елдерге әртүрлі әсер ететіні анық. Қазіргі кезде көптеген мигранттарды жіберетін дамушы елдердің үкіметтері көші-қон процесіндегі азаматтарды әлеуетті инвесторлар мен даму процесінің қатысушылары ретінде қарастыра отырып, оларға, яғни трансұлттық мигранттар мен диаспораларға экономикалық тұрғыда үміт артатындығы белгілі. Бұл сыртқы көші-қон процесіне байланысты өзекті мәселе, шетелде мигрант болып жүрген азамат өз еліне инвестор немесе табыс әкелуші, экономиканы көтеруші және жұмыспен қамтылғандар санын арттырушы ретінде қарастырылады. Дамыған елдерде керісінше, қазір көші-қонның байырғы тұрғындар арасындағы табыстың төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, әлеуметтік шығыстардың көбеюі, экономикалық өсудің баяулауы, мәдени айырмашылықтардың күшеюінен туындайтын әлеуметтік шиеленістердің өсуі, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы, терроризм қаупі сияқты жағымсыз әлеуметтік-саяси салдары айқын көрінеді. Осы аталған теріс салдарды көптеген зерттеушілер көші-қонмен байланыстырады. Сол себепті де қазіргі таңда көші-қон позитивті, оптимистік көзқарастарға қарағанда негативтік көзқарастар тудыруда. Бүгінгі күні Қазақстандағы көші-қон процесі республиканың әлеуметтік, саяси, экономикалық, демографиялық жағдайын елеулі өзгеріске ұшыратып, бір аймақтардың дамып, келесі аймақтардың құлдырауына себеп болып отыр.

Әдістеме

Көші-қон мәселесі әрқашан ғалымдардың назарында болған өзекті сұрақтардың бірі. Бұл феноменді әртүрлі қырынан отандық және шетелдік авторлар зерттеген. Зерттеу мақсатына жету үшін ғылыми талдау және деректерді екіншілік талдау әдістері қолданылады. Сондықтан көші-қон мәселесіне байланысты отандық және шетелдік авторлар зерттеулері мен индексі жоғары басылымдарда жарық көрген еңбектер ғылыми талдаудан өткізіледі. Сонымен қатар, статистикалық деректерді талдау арқылы Қазақстан жағдайындағы көші-қон процесіне байланысты отандық авторлар еңбектеріндегі көзқарас негізделеді. Қазақстандағы көші-қон мәселесіне байланысты зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (ҚР СЖРА ҰСБ) деректері құрады.

Нәтижелер және талқылау

Көші-қон адамзат дамуының әр кезеңінде өзекті әрі күрделі сұрақтар туындатқан, пікірталас тудырған күрделі мәселелер қатарынан болған. Бұл феномен әрқашан ғалымдардың қызығушылығын оятып, назарынан тыс қалмаған. Мысалы, көші-қон және даму мәселелері бойынша пікірлер 1950-1960 жылдардағы девелопменталистік оптимизмнен 1970-1980 жылдардағы нео-марксистік пессимизмге, 1990-2000 жылдардағы оптимистік көзқарастарға бет бұрды. АҚШ-та Халықаралық көші-қон және кооперативті экономикалық дамуды зерттеу жөніндегі Комиссияда 1989 жылы Д.С. Массей (Массей, 1989) көші-қон мәселесін пессимистіктен мәселенің оптимистік көзқарастарына түбегейлі көшумен сәйкес келді деп сипаттап, көші-қон және даму туралы кең таралған скептицизмнің бұрынғы атмосферасы аясында бұл керемет құбылыс деп баға береді. Яғни, көші-қон процесінің елдің дамуына позитивті үлесін қосып жатқандығын білдіре отырып, аймақтарды дамыту стратегияларында пайдалануға болатындығын пайымдауын көрсетеді. Бірақ барлық зерттеушілер бұндай позитивті көзқарастармен келіседі деуге болмайды. Көші-қонға теріс баға берген зерттеушілер әрқашан болған және олардың саны, әсіресе, ХХІ ғасырдың басынан артып келеді. Бұған себеп, біріншілері, көші-қонды елдің экономикалық

даму тұрғысынан, екіншілері, көші-қонның салдарын зерттеуінен деуге болады. Мақаланы жазу барысында талдау негізінде біз көші-қонға байланысты көзқарастарды оптимистік немесе пессимистік деп екіге топтастырдық.

Көші-қон мәселесіне оптимистік көзқарастағы алғашқы зерттеушілер пікірінше (Р.С. Джонс, Д. Капур, Д. Рахта) ақша аударымдарының өсуі көбінесе ірі бюрократиялық даму бағдарламаларына немесе дамуға көмек көрсетуге қарағанда кірістерді қайта бөлудің, кедейлікті азайтудың және экономикалық өсудің тиімді құралы болып саналған. Эдвард Ж. Тейлор болса көші-қонды дамудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Автор (Тейлор, 1999) көші-қонды «даму» терминіне енген кең трансформациялық процестердің ажырамас бөлігі болып табылатын процесс ретінде қарастыру керек деп санайды. Хайн де Хаастың (Хайн де Хаас, 2010) дәлелдерінің бірінде 1950-1960 жылдардағы даму теориясындағы басым көзқарастарға сәйкес, оралған мигранттар өзгеріс пен инновацияның маңызды агенттері ретінде қарастырылды деп пайымдалынады. Мигранттар ақшаны ғана емес, жаңа идеяларды, білім мен кәсіпкерлік көзқарастарды да алып келеді деп күтіледі. Осылайша, мигранттар дамуда оң рөл атқарады және дамушы елдерде модернизацияның кеңістіктік таралуына ықпал етеді деп күтілген. Сонымен қатар автордың пікірінше, ақша аударымдары экономикалық өсуді ынталандыруда маңызды рөл атқарады деп саналынған. Авторлардың көші-қонды оң бағалауы экономикалық тұрғыдан қарастырылып отыр.

Көші-қонның нео-классикалық теориясы көші-қонды жіберуші және қабылдаушы елдердің мүдделері үшін өндіріс факторларын оңтайлы бөлу нысаны ретінде қарастырады. Мысалы, М.П. Тодароның пікірінше (Тодаро, 1969) бұл «теңдестірілген өсу» перспективасында жұмыс күшін ауылдардан, ауылшаруашылық аудандардан қалалық, өнеркәсіптік секторларға (шекарада немесе одан тыс жерлерде) қайта бөлу экономикалық өсудің алғышарты ретінде қарастырылады, сондықтан бүкіл даму процесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Әрине бұл тұжырымдар өз уақытында өзекті болды, бірақ бүгінгі күні ауылдық аймақтардан қалаларға көшу тенденциясы соншалықты оң экономикалық өсуді білдірмейтінін уақыт көрсетіп отыр.

Д.С. Массейдің (Массей, 1990) пікірінше, көші-қон процесінде капитал ағындары тікелей қарама-қарсы бағытта, яғни еңбек тапшылығы

бар мигранттарды қабылдаушы елдерден экономикалық капитал тапшылығы бар мигранттарды жіберуші елдерге жүреді деп түсіндіріледі. Сайып келгенде, өндіріс факторларының бағасын теңестіру процесі (Хекшер-Олин моделі¹) көші-қонның шығу тегі мен тағайындалған жердегі жалақы деңгейі біріккеннен кейін тоқтайды деп болжайды. Автордың пайымдауынша, көптеген зерттеушілер әлі де көші-қонның салдарынан гөрі детерминанттарға назар аударады. Бұл қайшылықтар көші-қонға байланысты дау тудырып, автономды әдебиеттердің жазылуына әкеліп отыр: себептер және салдарын зерттеушілер арасында, құрылымдық және жеке көзқарастар арасында, микро- және макроанализ арасында. Сәйкесінше бұл фрагментация талдаушыларға уақыт өте келе бір-біріне әсер ететін айнымалылар арасындағы және талдау деңгейлері арасындағы негізгі қатынастарды, көші-қонның ажырамас бөлігі болып табылатын және көші-қон процесіне күшті серпін жасайтын тәуелділіктерді тануға мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде, біздің миграция туралы түсінігіміз толық емес және нақты емес (Массей, 1990: 4). Автордың бұл пікірімен толықтай келісуге болады, көші-қон мақсат пен міндет, факторлар мен салдар сабақтастырылып зерттелуі керек.

Көші-қон зерттеушілері арасында пайда болған екі түрлі көзқарас 2000 жылдан бастап нақты айқындалғанын айтып, Мэтью Дж. Тейлор, Мишель Дж. Моран-Тейлор, Д.Р. Руис зерттеушілерді екі топқа бөлді: бірі, көші-қонды мигранттарды жіберетін қауымдастықтар мен елдердің дамуына әсерін, капитал мен жұмыс күшінің жетіспеушілігін жеңу құралы ретінде зерттесе, екіншілері, олардың көзқарастарына қарама-қарсы келетін зерттеушілер (Тейлор, 2006: 58; 59). Бұл бөлу қазіргі күні де өз өзектілігін жоғалтпауда, «көші-қон оптимистері» мен «көші-қон пессимистері» арасында тұрақты және кейде қызу пікірталастар әлі де жалғасуда.

Біздің ойымызша, мұндай оптимистік көзқарастар Еуропа мен Америка Құрама Штаттарындағы ауылдық жерлерден қалаларға қоныс аударуды ертерек зерттеуге және Еуро-

¹ Хекшер-Олин моделі – халықаралық саудадағы салыстырмалы артықшылық теориясы. Салыстырмалы түрде капиталы мол елдер капиталды көп қажет ететін тауарларды экспорттап, еңбекті көбірек қажет ететін өнімдерді импорттайды және керісінше, жұмыс күші жеткілікті, бірақ капиталы тапшы елдер еңбекті көп қажет ететін өнімдерді экспорттап, капиталды қажет ететін өнімдерді импорттауға бейім болады <https://www.britannica.com/topic/Heckscher-Ohlin-theory>

падан Солтүстік Америкаға көшудің тарихи тәжірибесіне негізделген. Сонымен қатар бұл еңбектер негізінен көші-қонды экономикалық тұрғыдан қарастырып, оның салдарын терең зерттемегенін байқауға болады. Көші-қон феномені туралы оптимистік көзқараста жазылған еңбектердің басым бөлігі заманауи эмпирикалық жұмыстарға сүйенбейтінін және олармен бұл мәселе байланыспайтындығын айтуға болады. XX ғасырдың аяғы ХХІ ғасырдың басынан бастап көші-қон феноменінің негативті тұстарын көрсететін, өз зерттеулерін импирикалық мәліметтерге сүйене дәлелдейтін, көші-қон салдарын әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, демографиялық, денсаулық-сақтау тұрғысынан зерттеген, шектелген көші-қонды қолдайтын зерттеушілер қатары артып келетіндігі байқалады. Сонымен қатар бүгінгі таңда көші-қон мәселесімен жекелеген авторлар ғана емес, авторлық ұжымдар, халықаралық ұйымдар да айналысатыны, импирикалық зерттеулердің көптеп жүргізілетіні зерттеу аясын кеңейтіп, нақты, шынайы мәлімет алуға мүмкіндік беріп отыр.

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің 2009 жылы жариялаған «Миграция и «утечка мозгов» атты Еуропа және Орталық Азия аймағының экономикасы туралы есебінде (Доклад... 2009) көші-қон процесінен туындайтын бірқатар мәселелерді көтереді. Бұл еңбектен біз көші-қон туралы теріс және оң көзқарасты көре аламыз, зерттеушілер жағымсыз салдарды тізімдей келе оның позитивті әсерлерінің барын да айтып өтеді. Бірінші салдардың бастысы ретінде көші-қон ағындарының бағыты айтылады – үш мигранттың біреуі міндетті түрде Еуропаға қоныс аударады. Бұл шоғырлану табысы жоғары Еуропа елдерінде жұмыссыздықтың өсуіне, әлеуметтік қызметтердің нашарлауына, жалақының қысқаруына байланысты кең көлемде қарсылық тудыруда. Ал донор елдерде адам капиталының дефициті, білікті мамандардың кетуімен байланысты мәселелер шиеленісіп отыр. Қабылдаушы елдер жұмыссыздықтың өсіп, жалақының қысқаруына мигранттар кінәлі деп санаса, донор елдер – білікті мамандардың азаюымен («утечка мозгов») айыптайды. Бірақ жағымды тұсын ескеретін жағдай көші-қон табысы төмен халқы жас елдер және табысы жоғары халқы қартаюшы елдер арасында тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Әрине көші-қон екі аймақтың құрылымдық экономикалық мәселелерін шеше алмайды, бірақ халықтың қартаюы мен жа-

стар арасындағы жұмыссыздыққа байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Көші-қон мәселесіне байланысты жағымсыз көзқарастардың көбеюінен саяси астар көретін зерттеушілер қатары да бар. Миграция бойынша халықаралық ұйымының 2020 жылы жарық көрген «Әлемдегі көші-қон туралы 2020» баяндамасының «Көші-қонның күрделі және жаңадан пайда болған мәселелері» атты ІІ бөлімінде М. Макалифф, А. Китимбо, Б. Хадрия «Тұрақсыздандыру және дезинформация дәуіріндегі мигранттардың үлесі туралы ойлар» атты зерттеуінде соңғы уақытта өсіп келе жатқан көші-қон мәселесіне байланысты талқылаудың «уыттылығы» («токсичность») астарында қорқыныш пен жанжал тудыратын саяси астар жатыр деген көзқарас білдіреді. Авторлардың пікірінше, көші-қонға деген негативті көзқарас саясат тарапынан жасалып жатқан қоғамдық, саяси, әлеуметтік дестабилизация мен дезинформация негізінде туып отыр (Доклад... 2020: 161).

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ) елдеріндегі көші-қон қозғалыстары мен саясатындағы соңғы оқиғаларды талдайтын жыл сайынғы ЭБДҰ есебінің 2004 жылғы санында көші-қон әсерінен болатын аумақтық салдарын айқындаған (Tendances... 2004: 97). Көші-қонның жағымсыз сыртқы әсерлері ретінде кейбір елдерде иммигранттардың ірі қалалық орталықтарда шоғырлануынан, қоғамдық инфрақұрылымға қысым жасауы; шетелдіктердің географиялық шоғырлануы, олардың қоғамға интеграциялануына кедергі жасап, бұл шектен тыс «этникалық» бөлінуге алып келу қаупі келтірілген. Бұл мәселелер Қазақстан жағдайында да өте өзекті (Жамбыл облысындағы Қордай оқиғасы, Атырау облысындағы мұнайшылар оқиғасы, Алматы облысындағы Шелек оқиғасы және т.с.с.). Қазақстан Республикасының көпұлтты мемлекет екендігін ескерсек, түрлі этнос өкілдерінің үздік интеграциялануы мемлекеттің саяси тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал.

Жоғарыда айтылған ойға көші-қонға теріс баға берген Э.В. Волков (Волков, 2010) пікірі де жағын. Көші-қон процесінің әлеуметтік-мәдени аспектісі ретінде Э.В. Волков мигранттардың және олар көшіп барған аймақ халқының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, осы айырмашылықтардың күшеюінен туындайтын ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі, жаңа этникалық диаспоралардың қалыптасуы, мәдени ассимиляция, интеграция немесе мәдени-саяси

сепаратизм тенденцияларын қалыптастыруды көрсеткен. Ғалым ойынша көші-қон мемлекеттің барлық саласына, әсіресе, интеллектуалдық өмірге кері әсерін тигізетін «политика похищения умов».

Көші-қонға екі жақты баға беретін авторлар да бар. И. Цапенко (Цапенко, 2004) көші-қон қозғалыстарынан екі түрлі мәселе көреді: бір жағынан, дамыған елдердегі халықтың қысқаруы мен қартаюы болжамы олардың шетелдік жұмыс күшіне деген қажеттіліктерін туғызғандығын, дәстүр бойынша, ол қабылдаушы қоғамдарды жетіспейтін еңбек ресурстарымен қамтамасыз етеді және олардың экономикалық дамуына үлкен үлес қосады десе, екінші жағынан, терроризм қаупінің артуын, ұлттық бірегейліктің жойылуы, ұлтаралық қақтығыс пен саяси экстремизмнің өсуі сияқты жағымсыз салдарлар туындайды дейді. Әрине, көші-қон да қоғамда болып жатқан кез келген құбылыс сияқты жағымды және жағымсыз әсерлер қалдырады.

Көші-қонды қауіпсіздік жағдайында қарастырған С.Т. Мейрманов «Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контекстіндегі миграциялық саясатының қалыптасу мәселелері» атты зерттеуінде «мигранттар – қауіпсіздіктің субъектісі де, объектісі де» деп пайымдайды (Мейрманов, 2004: 51). Мигранттар, әсіресе, бақылаусыз мигранттар, кез келген жұмысты төмен жалақымен істеп, реципиент елдің еңбек нарығында бәсекелестік тудыра отырып экономикалық тұрақсыздандыруға себепкер болады. Автордың пікірінше мигранттар әлеуметтік мәселелердің өсуі, қылмыстың көбеюі, мәдени деңгейдің төмендеуі сияқты әлеуметтік агрессияның түрткісі болуы мүмкін. Егер қабылдаушы ел мигранттарға қауіп объектісі ретінде қараса, мигранттар түрлі формадағы дискриминацияға ұшыраса қауіп деңгейі жоғарылайды. Автор бұл жағдайдан шығу жолы ретінде мемлекеттік саясаттың күштілігін атап өтеді. Мигранттар қоныс аударатын елді таңдауына әсер етуші негізгі фактор – қабылдаушы елдің миграциялық саясаты.

Қазақстан Республикасындағы көші-қон жағдайына байланысты отандық зерттеушілер пікірі де жоғарыда айтылған екі түрлі көзқараспен бағаланады. Қазақстан территориясындағы күрделі көші-қон ағымдары Ресейге қосылғаннан кейін орын алды. Бұл кезеңдегі орын ауыстырулар мемлекеттік саясатпен байланысты, көбіне мәжбүрлі түрде жүрді. Бірақ тәуелсіз Қазақстан өмірінде болып жатқан көші-қонның сипаты

басқа. Бүгінгі күні Қазақстандағы көші-қон процестері республиканың әлеуметтік, саяси, экономикалық, демографиялық жағдайын елеулі өзгеріске ұшыратуда. Бұл үрдіс өз кезегінде Қазақстанның бір аймақтарының дамып, келесі аймақтарының құлдырауына себеп болып отыр. Соңғы уақытта елде орын алып отырған реттелмеген көші-қон тенденциясы аймақтарда қоғамдық, әлеуметтік-саяси мәселелер кешенін тудыруда: адамдар қауіпті жерлерге қоныстанады, білім беру және денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігі шектеулі, мемлекет тарапынан көрсетілетін жәрдемақылардың көптеген түрінен айрылған, жергілікті тұрғындарымен, аймақ әкімшілігімен байланыс шиеленіске түскен және т.б. Қазақстандағы көші-қон мәселесіне байланысты көптеген отандық авторлар аталған феноменнің жағымсыз әсерлерінің артып келетіндігін, мемлекет тарапынан қатаң реттеуді талап ететін күрделі процесс деген пікір ұстанады.

Қазақстандағы көші-қон масштабының күрт өсуі экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан аймақтардың дифференциаланатындығын көрсетеді. Соңғы үш санақ мәліметтері негізінде Қазақстан аймақтарын шартты түрде «реципиент аймақтар» (1-кесте) және «донор аймақтар» (2-кесте) деп бөлуге болады:

1 және 2-кестелердегі көрсеткіштер республикада көші-қон ағындары бағытталған ел астанасы Нұр-Сұлтан, республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалалары, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан сияқты реципиент аймақтар бар екендігін көрсетеді, ал Солтүстік Қазақстан, Орталық және Шығыс Қазақстан аймақтарын көші-қон донорлары деп санауға болады. Сонымен бірге механикалық қозғалыстың негізгі орталығы Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалалары болып табылады, мұнда кіру және шығу көші-қонының ең үлкен көлемі тіркелген. Мұндай аймақтық айырмашылықтардың маңызды факторлары ретінде аймақтағы әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары деңгейін, көліктік инфрақұрылымның жақындығын, климаттық ерекшеліктерін, туыстық және тарихи байланыстарды, көші-қонға байланысты тиімді саясатты (pull factors) айтуға болады. Бұл факторлар Эверетт С. Ли классификациясындағы позитивті факторларға сәйкес келеді.

Эверетт С. Ли моделіне сәйкес әр аймақта көші-қон факторларының әр түрлі топтары әрекет етеді: позитивті (pull factors) – ұстап қалу, тарту немесе негативті (push factors) – адамдарды

көші-қонға итеруші (Ли, 1966: 50). Ұстап қалу, тарту факторлары – экономикалық дамудың жоғары деңгейі, табыстың жоғарылығы, қауіпсіздік, еңбек нарығына қол жетімділік, туыстық

байланыстар, қолайлы климат және т.б.; итеру факторларына – жұмыссыздық, табыс төмендігі, әлеуметтік инфрақұрылымның төмендігі, экологиялық мәселелер және т.б. жатады.

1-кесте – Халық саны өскен аймақтар (адам)

Аймақ	Халық саны, жыл басына		
	1999 жыл	2009 жыл	2021 жыл
Алматы облысы	1 557 269	1 807 894	2 077 967
Жамбыл облысы	988 840	1 022 129	1 139 192
Қызылорда облысы	596 215	678 794	814 588
Түркістан облысы	1 978 339	2 469 357	2 044 742
Ақтөбе облысы	682 558	757 768	894 333
Атырау облысы	440 286	510 377	657 110
Маңғыстау облысы	314 669	485 392	719 571
Алматы қаласы	1 130 621	1 365 632	1 977 258
Нұр-Сұлтан қаласы	328 341	613 006	1 184 411
Шымкент қаласы	419 271	566 996	1 074 466

2-кесте – Халық саны азайған немесе өзгермеген аймақтар (адам)

Аймақ	Халық саны, жыл басына		
	1999 жыл	2009 жыл	2021 жыл
Ақмола облысы	827 254	737 495	735 566
Батыс-Қазақстан облысы	616 800	598 880	661 316
Қарағанды облысы	1 410 218	1 341 700	1 375 938
Қостанай облысы	1 017 108	885 570	864 550
Павлодар облысы	806 983	742 475	751 012
Шығыс-Қазақстан облысы	1 531 024	1 396 593	1 363 797
Солтүстік Қазақстан	752 980	596 535	543 735

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/>

Қазақстандағы көші-қон процесі бүгінгі күн тәртібінде тұрған шешімін талап ететін ең өзекті, әрі күрделі мәселенің біріне айналып отыр. Және бұл мәселені оңтайлы шешудің бірден бір жолы республика аймақтарын дамыту арқылы іске асырылуы керек. 2020 жылдың 1 қыркүйегінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында аймақтық даму саясатына ерекше көңіл бөлінгендігі осыған дәлел. Аймақтарды дамыту урбандалу процесін басқаруға, көші-қон толқындарының кезеңділігін қамтамасыз етуге және үлкен қалаларда халықтың көптігі мен әлеуметтік

шиеленістерді болдырмауға көмектеседі делінген (Тоқаев, 2020). Көріп отырғанымыздай, қазір ауылдан қалаға көші-қонды тежеуге басымдық беріледі, ал урбанизация қаланың толып кету қаупі ретінде қарастырыла бастады. Бұл бағытта алға қойған мақсатқа жету үшін аймақтарды олардың әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып дамыту қажет. Аймақтық ерекшеліктер ескерілмей жүргізілген шаралар жағдайды түбегейлі жақсартуға, маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік бермегенімен қатар, аймақтарға кері әсерін де тигізуі мүмкін. Мысалы,

дұрыс ұйымдастырылмаған шаралар есебінен Солтүстік Қазақстан облысында 2005-2010 жылдар аралығында ауылдар саны 48-ге азайғандығын көруге болады (Асанбаев, 2010: 22).

Қазақстан жағдайындағы көші-қонның ең ауыр мәселелерінің бірі – эмиграция. Қазақстанда эмигранттар саны жыл сайын артып келеді. ҚР СЖРА ҰСБ мәліметінше соңғы он жылда 366 мыңнан астам адам елден кеткен. Көпшілігі еңбекке қабілетті, білімді, біліктілігі мен капиталы бар республика азаматтары. Мысалы, 2019 жылы Қазақстаннан 45,2 мың адам кеткен. Эмигранттардың басым көпшілігі 16 мен 62 жас аралығындағы (70%) қала тұрғындары (84%), жоғары және арнайы білімі барлары (70%). Олардың ішінде техникалық кәсіптер бойынша мамандар (7,1 мыңнан астам), экономикалық (3,7 мың) және педагогикалық (2,3 мың) білімі бар азаматтар, сонымен қатар, заңгерлік, медицина, сәулет өнері, құрылыс саласындағы мамандар да көп.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2021 жылы республикадан кеткендер саны 30 мыңнан астам адамды құрады. Қазақстаннан негізгі сыртқы көші-қон ағыны бағытталған елдер – Ресей, Германия, Беларусь, Өзбекстан (3-кесте).

Республикадағы көші-қон мәселесіне байланысты отандық еңбектерді талдау барысында зерттеушілер арасында пессимистік көзқарас жиі кездесетіні байқалады. Қазақстанда қалалық және ауылдық жерлердің өзара көші-қон алмасуы, әсіресе «ауыл-қала» бағытында, ауыл тұрғындары санының күрт төмендеуіне әкеле жатыр. М. Махмутова «Қазақстандағы жастардың ішкі көші-қоны: Алматы қаласының мысалында» атты зерттеуінде статистикалық мәліметтерді талдай отырып, Алматыға еліміздің әртүрлі аймақтарынан келген 1000 жас адамның арасында әлеуметтанулық сауалнама жүргізу барысында 15 жастан кейін көптеген ауыл жастары ауылдан кете бастауына байланысты жақын арада ауыл тұрғындарының қартаюы мүмкін деген қорытындыға келді (Махмутова, 2012: 28). Тәжірибе көрсеткендей, миграцияланған ауыл тұрғындарының басым көпшілігінде облыс орталықтары мен ірі қалаларға қоныс аударып, сол арқылы ішкі мигранттардың қатарын толықтырады. Бұл өз кезегінде бейресми жұмыспен қамтылғандар санының артуына әкеледі. С. Бейсембиев, Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйене отырып, 2015 жылы Қазақстанда 2 млн адам бейресми жұмысшылар қатарында болғандығын айтады (Бейсембиев, 2017: 4).


3-кесте – Халықтың Қазақстаннан тысқары жерлерге қоныс аударуы (адам)

	2000	2005	2010	2015	2020
Барлығы	155 749	52 139	26 541	30 047	29 088
Беларусь	3 265	651	705	605	234
Өзбекстан	1 277	619	318	364	192
Ресей	108 724	38 498	23 499	25 682	25126
АҚШ	528	294	173	265	247
Германия	35 938	10 299	974	2 196	2 249
Канада	236	285	145	121	111

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/>

М.Б. Асанбаев (Асанбаев, 2010) өзінің «Қазақстандағы ішкі көші-қон процестерін талдау» атты еңбегінде Қазақстандағы ішкі көші-қон республикадағы ішкі мәселелермен шартталған заңды құбылыс екендігін айтып өтеді. Автор аталған мәселелердің негізгілеріне мыналарды жатқызады – ауылдардағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер, ауыл шаруашылығының құлдырауы және ауылдарда өмірлік перспективалардың болмауы. Айтылған мәселелерге өркениеттің заманауи артық-

шылықтары мен мүмкіндіктерінің шектеулілігін қосуға болады – банктік несиелендіруден бастап ауыз суының тапшылығы, мектептер мен емханалардың апатты жағдайы, кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі. Аграрлық саладағы жағдай мемлекет тарапынан қажетті субсидиялардың болмауынан одан әрі қиындауда. Бұл факторлар даму әлеуеті төмен аймақтар халқын даму әлеуеті жоғары аймақтарға қарай қоныс аударуына итермелейтін негізгі push factors деп атауға болады.



1-сурет – 2022 жылғы 1 мамырға халық саны (адам)
Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/>

2022 жылғы 1 мамырға еліміздегі халық саны 19 199,8 мың адамды құрады, оның ішінде қалалықтар – 11 442,9 мың (59,6%), ауылдықтар – 7 756,9 мың адам (40,4%) (1-сурет). 2021 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда халық саны 236,9 мың адамға немесе 1,2% өсті (2021 жылғы қаңтар-сәуірдегі демографиялық ахуал туралы). 2009 жылғы санақ мәліметтері бойынша қала тұрғындары – 8662,4 мың (54,1%), ауыл тұрғындары – 7347,2 мың (45,9 %) құраған еді, қала халқының саны 5% өскен (Смаилова, 2010).

Қорытынды

Мақалада қазіргі күннің өзекті мәселесі болып отырған көші-қон процестеріне байланысты отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектерін теориялық шолу арқылы талдаудағы басым көзқарастарды анықтау әрекеті жасалды. Көші-қон процесінің позитивті немесе негативті тұстарын қарастыру ғылымда өзекті әрі жан-жақты талдаудан өткендігі көрінеді. Позитивтік көзқарасты қолдайтын зерттеушілердің басым көпшілігі бүгінгі таңдағы көші-қон процесіндегі мигранттарды жіберетін елдердің үкіметтері көші-қон үрдісіндегі азаматтарға экономикалық тұрғыда үміт артады деген тұжырымды пайымдаса, шектелген көші-қонды қолдайтын «көші-қон пессимистері» байырғы тұрғындар арасындағы табыстың төмендеуін, жұмыссыздықтың өсуін, әлеуметтік шығыстардың көбеюін, экономикалық өсудің баяулауын, мәдени айырмашылықтардың күшеюінен туындайтын әлеуметтік шиеленістердің өсуін, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы, тер-

роризм қаупін және т.б. жағымсыз себептерді көші-қонмен байланыстырады. Талдау көрсеткендей, оптимистік тұрғыда жазылған жұмыстардың басым бөлігі көші-қонның донор және реципиент елдерге тигізетін экономикалық әсерлерін талдауға негізделген болса, «пессимистік» еңбектер көбінесе көші-қонның жан-жақты салдарларын анықтауға бағытталған. Сонымен қатар соңғы уақытта еңбектерде импирикалық зерттеулер жүргізу арқылы нақты мәлеметтер алынып, көші-қон салдарлары анықталып шынайы көріністі көруге мүмкіндік береді. Көші-қон құбылысына теріс баға беретін, шектелген көші-қонды қолдайтын зерттеулер саны ХХІ ғасыр басынан көбейгендігін көреміз.

Айта кететін жағдай, көші-қон – бүгінгі таңда босқындар мәселесіне байланысты пікірталастың күшейіп, қоғамда негативті ассоциациялар тудырып жаңа серпін алып отырған процесс. Бірақ «көші-қон» және «босқындық» бір-бірінен өзгеше сипатқа ие, бір-біріне ұқсамайтын құбылыстар екендігін түсініп ажырата білу керек. Босқындар – түрлі саяси көзқарастарына, діни сенімдеріне, нәсілдік ерекшеліктеріне, әлеуметтік топтарына және т.с.с. себептерге байланысты өз елдерінен мәжбүрлі түрде қоныс аударған азаматтар, олар басқа мемлекеттерден қорғауды сұрауға мәжбүр. Ал мигранттар әдетте өзінің жеке шешімі, мақсатына байланысты орын аударады. Және соңғы уақытта көші-қонға түсуші азаматтар арасында байқалатын тенденция – олардың өз елдеріне қайта оралмауы. Бұл тенденция себептерінен реципиент елдер арзан интеллектуалды капиталмен толықса, донор ел-

дерде жоғары білімі бар білікті азаматтардың кетуіне байланысты мамандардың тапшылығы туып отыр. Мысалы, иммиграция дәрежесі жоғары елдердің бірі АҚШ-ты қарастырсақ, сұранысқа ие мамандықтар қатарына сатушы, мейрамхана, қонақ үй бизнесі, фастфуд саласындағы қызметкерлер жатады. Бұл қызмет түрлері жоғары білімді қажет етпейтіні анық. Ал эмиграцияланған мамандар жаңа жерде қаншалықты бейімделіп, өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алды ма, қоғамдық өмірге араласып пайдасы тиді ме, жергілікті бәсекеге тұра алды ма деген сұрақтар жеке зерттеуді талап ететін мәселелер қатарынан болмақ.

Қазақстандағы қазіргі күнгі көші-кон процесіне байланысты зерттеушілер арасында пессимизм басымырақ, себебі бұл құбылыс республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық, географиялық, демографиялық және рухани жағдайын елеулі өзгеріске ұшыратуда.

Эмиграцияға еңбекке қабілетті, жоғары білімді, біліктілігі мен капиталы бар республика азаматтары түссе, ішкі көші-кон процесі барысында ауылдан қалаға жылжу тенденциясы кеңінен байқалады. Сонымен бірге механикалық қозғалыстың негізгі орталығы ел астанасы Нұр-Сұлтан және негізгі мегаполистері Алматы, Шымкент қалалары, облыс орталықтары болуы шектен тыс, реттелмеген урбанизацияны тудырып отыр. Бұл процесс экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан аймақтардың дифференциациялануына әкеліп, республикада депрессивті елді мекендер санын көбейтуде. Сондықтан мемлекеттік саясат ел аймақтарын дамытуды шектен тыс урбандалу процесін тежеу механизмі ретінде пайдалануды қолға алған. Көші-кон ағымдарының мемлекетке де, миграцияланатын халықтың өзіне де пайдасы болуы үшін бұл процесс мемлекет тарапынан реттеліп, мигранттар тарапынан «саналы» шешім болуы керек.

Әдебиеттер

- Асанбаев М.Б. Анализ внутренних миграционных процессов в Казахстане. – Алматы: Print Express, 2010. – 234 с.
- Бейсембаев С., Инсебаева С., Молдоканов Д. Доклад по итогам исследования «Ни к селу, ни к городу: Проблема неформальной занятости молодежи в моногородах Казахстана». – Астана, 2017. – 65 с.
- Волков Э.В. Миграционные процессы в контексте глобализации: социокультурный аспект: диссертация ... кандидата философских наук. – Ростов-на-Дону, 2010. – 178 с.
- Доклад об экономике региона Европы и Центральной Азии 2019. Миграция и «утечка мозгов». – М., 2019. – 74 с. DOI: 10.1596/978-1-4648-1506-5.
- Lee E.S. A Theory of Migration // *Demography*. – 1966 – №3. – P. 47-57.
- Massey D. S. International Migration in Comparative Perspective. – Washington: Commission for the Study of International Migration and Cooperative Economic Development. Working papers. – 1989. – №1.
- Massey, D.S. Social Structure, Household Strategies, and the Cumulative Causation of Migration. // *Population Index*. – 1990. № 56 (1). – P. 3-26.
- Мейрманов С.Т. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контекстіндегі миграциялық саясатының қалыптасу мәселелері: саяси ғылымдарының кандидаты... диссертация. – Алматы, 2004. – Б. 141.
- Махмутова М. Внутренняя миграция молодежи в Казахстане: на примере города Алматы. – Алматы, 2012. – 80 с.
- Смаилова А.А. Перепись населения Республики Казахстан 2009 года. Краткие итоги: Статистический сборник. – Астана, 2010. – С. 110.
- Tendances des Migrations Internationales. Report Org. for Economic Cooperation & Development. II part: Les aspects régionaux des migrations. – 2004. – 412 p. Доступно по ссылке: <https://www.oecd.org/fr/migrations/mig/37965497.pdf>
- Taylor E.J. The new economics of labour migration and the role of remittances in the migration process // *International Migration*. – 1999. – № 37 (1). – P. 63-88.
- Taylor M.J, Moran-Taylor M.J, Ruiz D.R. Land, ethnic, and gender change: Transnational migration and its effects on Guatemalan lives and landscapes // *Geoforum*. – 2006. – №37(1). – P.41–61. DOI.org/10.1016/j.geoforum.2004.12.002
- Todaro M.P. A model of labor migration and urban unemployment in less developed countries // *American Economic Review*. – 1969. – № 59. – P. 138-148.
- Токаев К-Ж.К. Послание Президента Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. 1 сент. 2020 г. Доступно по ссылке: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazhastana-1-sentyabrya-2020-g
- Haas H.D. Migration and Development: A Theoretical Perspective // *International Migration Review*. – 2010. –№ 44. – P. 227-264.
- Цапенко И. Роль мигрантов в экономике развитых стран // *Мировая экономика и международные отношения*. – 2004. – №5. – С. 27-39.
- World migration report 2020. International Organization for Migration, 2020. – 477 p.

References

- Asanbaev M.B. (2010) Analiz vnutrennih migracionnyh processov v Kazahstane [Analysis of internal migration processes in Kazakhstan]. Almaty: Print Express, 234 p. (In Russian)
- Bejsembaev S., Insebaeva S., Moldokanov D. (2017) Doklad po itogam issledovanija «Ni k selu, ni k gorodu: Problema neformal'noj zanjatosti molodezhi v monogorodah Kazahstana» [Report on the results of the research «Neither to the countryside nor to the city: The problem of informal employment of youth in monotowns of Kazakhstan»]. Astana, 65 p. (In Russian)
- Volkov E.V. (2010) Migracionnye processy v kontekste globalizacii: sociokul'turnyj aspekt: dissertacija ... kandidata filosofskih nauk [Migration processes in the context of globalization: socio-cultural aspect: dissertation ... candidate of philosophical sciences]. Rostov-na-Donu, 178 p. (In Russian)
- (2019) Doklad ob ekonomike regiona Evropy i Central'noi Azii. Migraciya i «utechka mozgov». [Europe and Central Asia Economic Update Report 2019. Migration and the Brain Drain]. M., 74 p. (In Russian)
- Lee E.S. (1966) A Theory of Migration. *Demography*, no 3, pp. 47-57.
- Massey D. S. (1989) International Migration in Comparative Perspective. Washington, D. C.: Commission for the Study of International Migration and Cooperative Economic Development. Working papers, no 1.
- Massey D.S. (1990) Social Structure, Household Strategies, and the Cumulative Causation of Migration. *Population Index*, no 56 (1), pp. 3-26.
- Mejрманов S.T. (2004) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контекстіндегі миграциялық саясатының қалыптасу мәселелері: саяси ғылымдарының кандидаты... dissertacija [Issues of the formation of migration policy in the context of the security of the Republic of Kazakhstan: dissertation ... candidate of political sciences]. Almaty, 141 p. (In Kazakh)
- Makhmutova M. (2012) Vnutrennyaya migraciya molodezhi v Kazahstane: na primere g.Almaty [Internal migration of youth in Kazakhstan: on the example of Almaty]. Almaty, 80 p. (In Russian)
- Smailova A.A. (2010) Perepis' naseleniya Respubliki Kazahstan 2009 goda. Kratkie itogi. Statisticheskii sbornik [Population census of the Republic of Kazakhstan 2009. Brief summary. Statistical collection]. Astana, 110 p. (In Russian)
- Taylor J.E. (1999) The new economics of labour migration and the role of remittances in the migration process. *International Migration*, no 37 (1), pp. 63-88.
- Taylor M.J, Moran-Taylor M.J, Ruiz D.R. (2006) Land, ethnic, and gender change: Transnational migration and its effects on Guatemalan lives and landscapes. *Geoforum*, no 37 (1), pp. 41–61. DOI.org/10.1016/j.geoforum.2004.12.002
- (2004) Tendances des Migrations Internationales. Report Org. for Economic Cooperation & Development. II part: Les aspects régionaux des migrations, 412 p. Available at the link: <https://www.oecd.org/fr/migrations/mig/37965497.pdf>
- Todaro M.P. (1969) A model of labor migration and urban unemployment in less developed countries. *American Economic Review*, no 59, pp. 138-148.
- Tokaev K-Zh.K. (2020) Poslanie Prezidenta Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana. 1 sent. 2020 g. [President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address, September 1, 2020]. Available at the link: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g
- Haas H.D. (2010) Migration and Development: A Theoretical Perspective. *International Migration Review*, no 44, pp. 227-264.
- Tsapenko I. (2004) Rol' migrantov v ekonomike razvityh stran [The role of migrants in the economy of developed countries]. *Word Economy and international Relations*, no 5, pp. 27-39. (In Russian)
- World migration report 2020. International Organization for Migration, 2020, 477 p.